



**МҰСТАФА ШОҚАЙ:
САЯСАТКЕР ЖӘНЕ ФАЛЫМ**

**МУСТАФА ШОКАЙ:
ПОЛИТИК И УЧЕНЫЙ**

6. Сүлейменов Атында Шығыстану институтының
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ФЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Р. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

**«МҰСТАФА ШОҚАЙ:
САЯСАТКЕР ЖӘНЕ ФАЛЫМ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

15 қазан 2015 ж.

Алматы қ.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«МҰСТАФА ШОҚАЙ:
ПОЛИТИК И УЧЕНЫЙ»**

15 октября 2015 г.

г. Алматы



0-995-193-100-870 ИНН

ӘОЖ 94 (5 Ж) (063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

М 85

Редакциялық алқа:

С.А. Рустамова-Тогиди (Әзербайжан), Х.М. Әбжанов,
Ә.К. Бәкір, Ә. Дербісөлі (жауапты редактор),
К.Л. Есмағамбетов, М.Қ. Қойгелдиев (Қазақстан),
К.К. Раджабов (Өзбекстан), С.М. Исхаков (Ресей),
С.Ф.В. Хекимоглы (Түркия).

М 85 «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары: (Алматы қаласы, 2015 жылғы 15 қазан). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 288 бет.

ISBN 978-601-291-292-0

Жинақ материалдарында Мұстафа Шоқайдың (1890-1941 жж.) Кеңес Одағының құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының ұлттық тәуелсіздігі үшін жаңа кезеңдегі күресінің идеологиясын қалыптастырып, халықаралық деңгейге көтерудегі рөлі жан-жақты баяндады. Сонымен бірге оның халықаралық сарапшы, кеңестанушы, шығыстанушы әмбебап ғалым екендігі көрсетілген.

Жинақ саясаттанушылар, шығыстанушылар мен тарихшыларға, студенттер мен көпшілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 94 (5 Ж) (063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-291-292-0

© «Арыс» баспасы, 2015

Айтала. Мұстафа Шокай мұрасы және үлгі қазақстандық ұлт саясатының басымдықтары	161
Отарлау саясаты	
Шовинизм көріністері	164
Ұлтшылдық тәуелсіздікке жетелейді	168
«Түркістан ұлты» саяси-идеологиялық доктринасы	172
Отарсыздану – басымдық стратегиялық мақсат	175
С.М. Исхаков. Два неизвестных текста М.Чокаева	181
К.Обішев. Мұстафа Шокай келешек дербес жөнінде	
С.Смагулова. Мұстафа Шокай келешек дербес жөнінде	191
Ахмад ас-Саид Мұхамад Ахмад,	
Б.Қанат. Мұстафа Шокай тұлғасы қалыптасуындағы исламның рөлі және штартарған кызметтінің дінмен сабактастыры	198
Г.Жүгенбаева. Мұстафа Шокай естеліктері тарихи дереккөз ретінде	204
Д.Байгунаков. Мұстафа Шокайдың 12 томдық шығармалар жинағының тарихи маңызы	208
Т.Сәтбай. Мұстафа Шокай «ұлтшылдық» пен «интернационализм» хакында	222
F.Камбарбекова. Мұстафа Шокай шығармаларындағы Шығыс елдерінің тарихы мен тағдыры	226
К.Базарбаев. Түркістанда жәдидшілік және мұсылмандық бірлік идеяларының ұлт-азаттық козгалысқа ұласуындағы	232
М.Шокайдың рөлі	
P.Әбдуәли. КР Президенті Мұрагатының «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиеттер, дереккөздер, акпараттық базасы» гылыми-зерттеу жобасы туралы	246
Б.Шеманова. Мұстафа Шокай в борьбе на пути	256

Светлана СМАҒҰЛОВА

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПАЙЫМДАУЛАР

ХХ ғасырдың басында қазақ халқының жарқын болашығы жолында қаламымен, қарымды ойларымен, тұжырымы мен идеяларымен курес аренасына шыққан тұлғалардың арасында Мұстафа Шоқайдың тұлғалық қасиеті ерекше. Оның дүниетанымы Ташкенттегі гимназияда оқып жүргенде қалыптасты. Бірнеше шет тілдерді менгерген ол сол елдердің ағар тушыларының көзқарастарымен жете танысуға мүмкіндік алды. Санкт-Петербургда оқып жүрген кезінде озық ойлы орызиялыларының дәрістеріне қатысып, өзінің білімін шындалтысты. Мұстафаның бойындағы білімге деген ұмтылышы мен ғылымға талпынысын көрген орыс оқымыстылары оған бағыт-бағдар беруге тырысты. Ол Санкт-Петербургда күрүлған «Жерлестер» үйімінде мүшебала бола отырып, бақадай студенттік үйімдармен араласып, пікір алмасып, дүниеде болып жатқан түрлі саяси жағдайлармен танысуға мүмкіндік алды.

Патша өкіметі жүйесін көзімен көріп, оның тіршілігін тікелей араласқан Мұстафа Шоқайдың қогамға деген тұжырымдары осы кезеңде шындала түсті. Ол патша шенеунің терінің қазақ халқына көрсеткен қыспағына, олардың екінші идеологиясын көре тұра оларға қарсы сын айтқан бірден-бір тұлға. Елдің камын ойлаған ұлтжанды қайраткер болуына Ресейлік патша үкіметінің қазақ жерінде жүргізген үстемдігі, зорлығы, қазақты жерінен құмды, тастақты жерлерге куұмын дінге деген қысымшылығы ерекше әсер етті.

Патша үкіметінің қазақ даласына, жалпы бұратана атанып отырған елдерге қатысты қабылдаған түрлі бүйрек-жарлықтары мен жүргізіп отырған отарлық, орыстандыру және қоныстандыру саясатының мәнісін түсініп, оған қарсылық ойын Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясы, жоғарғы орындарға шағымдану арқылы жеткізе білді.

Мұстафа үш жүйеде, патша заманы мен кеңестік және капиталистік жүйеде тұсында өмір сүргендіктен, әр жүйенің айырмашылықтары, ерекшеліктерін жаксы білді. Шेषелге барған кезінде сол елдің тұрмыс барысымен, қызылдар салытынан қашып барған эмигранттардың өмірімен, олардың кеңестік жүйе турасында жазған ой-пікірлерімен жіті танысып, өзіндік ой қортындылап, оны сол жердегі баспасезге жариялаған. Негізінде макалаларының басым көшпілігі мұсылман халықтарының саяси жағдайына, халықтың әлеуметтік тұрмысына арналып, кеңестік жүйенің осы елдерге жүргізіп отырған саясаттың негізгі мәнісін анықтауға тырысты.

Мұстафаның макалаларын оки отырып, оны біріншіден, өз тарихын ғана емес, мұсылман халықтарының тұрмыс-тіршілігінен хабардар мықты тарихшы болғандығын, екіншіден, әүненежүзіндегі болып жатқан саяси оқиғалардан хабардар, орі оларға сараптама жасай білген саясаткер екендігін көрүмізге болады. Шоқантанушы К.Л. Есмағамбетовтың жауынша, қайраткер Батыс елдерінде ортаазиятанудың әдіснамалық негізін қалап, «кеңес отаршылдығы», «кеңес реформаларының қымбатқа түскендігі» секілді концепцияларды қалыптастырыды [1, 450-6].

Ол кеңестік жүйе билігін көрмese де патша үкіметі бастап берген отарлау саясатын жалғастыруши жүйе екендігін, билік тоталитарлық идеологияның ыңғайына қарай бейімделіп отырғандығын баспасөз беттерінде жариялаған макалаларында нақты дәлелдеп берді. Сонымен қатар Мұстафа қанаушы билік жүйесіне қарсы ойларын түрлі өткен жиындарда сөйлеу арқылы да білдірген.

Шындығында да М. Шоқайдың жазған әрбір макаласының астарында терең мән бар. Ол біріншіден, жазар мәселе сін терең, қанығына жете зерттей келе, өзіндік тұжырым жасауға тырысады. Мәселен, ол 1931 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың 15 жылдығына орай жазған «Большевитская ложь вокруг восстания 1916 года» деген еңбегінде, (был шыгармалар жинағының 6-томында жарияланған) сол кездің өзінде бұл оқиғага «жалпы ұлттық қозғалыс» дей ке-

ле, бұнда большевиктердің айтып жүрген таптық курсі болған жоқ деген батыл тұжырым жасаған. Шоқайдың осы қоғалысқа катастыры айтқан тұжырымын қазір қарап отырсақ нақты тұжырым екендігіне көз жеткізуімізге болады.

М.Шоқай кеңестік жүйедегі осы мәселені зерттеген тарихшылардың жазғандарына сынни қөзбен қараған және олардың тұжырымдарын талдауға алып, кейбір зерттеулердің бурыстығын дәлелдеді. Әсіресе, олардың орыс шаруалары қазақтармен бірлесе патша үкіметіне қарсы шықты деген тұжырымын жалған дей келе, патша өкіметі тұсындағы орыс шаруасы мен қарапайым қазақтардың арасындағы айырмашылықтарды, орыс шаруаларына берілген артың шылықтарды нақты дәйектеп береді. Ғалымдардың бұлай жазуын үкімет идеологиясының әсерінен, қысымынан деп түсіндіреді.

Оның пайымынша, біріншіден, орыс шаруасы Түркістанда өзін толық құқылы қожайын санаған. Себебі оларға қазақтан тартып алынған ең шұрайлы, шүйгінді жерлер берілген. Екіншіден, олар қазақ кедейлеріне әлімжеттік жасауы. Жоғалған малын осы қазақтардан көруі. Осыдан екеуінің арасында қандай таптық біргешілік болсын дей келе, қайраткер 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалыс Түркістанда ұлттық революция болып, қазақтың жерін, тілін, ділін айырған Ресей мен орыстарға қарсы бағытталған қозғалыс болды деп пайымдайды [2, 22-27-66].

Қарап отырсақ, қазірде ғалымдарымыздың айтып жүрген XX ғ. 20-40 жылдары тарихшылардың кейбір жазғандар тұжырымдарының ерікісіз, идеология қыспағының нәтижесінде жазылғандығын Мұстафа Шоқайдың сол кездің өзінде жасқанбай жазуы ерлік іспеттес.

Қайраткердің орыс үкіметінің миссионерлер мен сауда-герлерді, одан кейін орыс шаруаларын Түркістанға жіберуінен ақ отаршылдық әрекет деп түсінуге болатындығын айқын көлтірген (Революция в Туркестане). Ол орыстандыру саясатының мәнісін нақтылайды. Жердің, судың патша меншігіне айналуы мен ағартушылық саладағы әрекеттері

орыстандырудың жолы екендігін де мысалдар негізінде дәйектеді.

Аз ұлттарды менсінбеу, кемсіту, үстемдік жүргізу арқылы корлау, ұлттарды бір-біріне айдал салуда патша үкіметі де, кеңестік билік те бір-бірінен асып түспесе, кем қалған жоқ. Осы жайттарды М. Шоқай байыппен қарап, салыстырып та корген. Ол патша үкіметі мұсылман халықтары арасынан қазақтан алғаны есепсіз екендігін дәлелдеген. Мақалаларынан патша үкіметі тұсында соғыс есебіне деп ерікті қазақтардың бір уезден қаншама түйе, жылқы, қой, кілем, киіз үйлер жиналғанымен де ұстағаның қолында, тістегеннің қузында кетіп, есептерінде болмашы бір мәліметтерді беруі, олардың әрекеттеріне қарсы келген қазақтарды «түріктердің жансызы» деп сотқа тартып әурелеуін биліктің қазақтарға көрсеткен қорлығына жатқызады.

Мұстафа Шоқайды кеңестік жүйедегі қазақтардың саяси, экономикалық, алеуметтік жағдайлары толғандырды. Ол жырақта жүрсе де елдегі болып жатқан жағдайлармен ақпараттанып отырған.

Қазақтың арасында өмір сүрудің күннен күнге қыннанда бара жатқандығына қынжылады. Ақтар мен қызылдар болып қырқысадан, аштықтан титықтаған халықтың жағдайын өз көзімен көрмесе де, ол туралы мәліметтерге қанық болып, аш-жалаңаш болып, тығырыққа тірелген қазақтардың осындағы жағдайға душар болуына кеңестік жүйенің кінәлі екендігін «Кеңес үкіметі және қазақтар», «Түркістанга аштық төніп келеді», «Ұлттық мәселе жөнінде» және т.б. мақаласында айқын түрде талдап берді.

Ол большевиктер билігінде паракоршылдықтың жайлап, оның ауыртпалығын қарапайым шаруа көріп отырғандығын, билік басшыларынан әлімжеттік көрсетудің ұлғайып, жөнсіз салынған салықтан бар мал-мұлкінен айырылып, ішерге тاماқ таба алмай тентіреп кетуге шақ қалғандығын айқын жазды.

Мұстафа үкіметтің несие берудегі жүйесін сынға алып, шаруаға қарызға акша бергенде несие акшасынан 3 еседен

артық кайтаруды талап етуі халықты нағыз қанау деген тұжырым жасады [3, 36-37-бб.].

Шындығында да қарызға ақша берген банкі несие алған шаруаның ақшасынан сол күні-ак процентін алып, несие уақыты бітпей жатып кайтаруды талап етіп, акыры шаруа бар малын базарға апарып, арзан бағаға саудагерлерге өткізіп, несиеден әзер құтылып, бүкіл мал-жанынан айырылып қалды. Ішерге тамағы, киерге кімі жок, жалаң аяқ қалған кедейдің күні қаран, ішер тамағы үшін аукаттыларға жалдамалы болып әзер күнін көрерлік жағдайға жетуін үкіметтің аз ұлттарға жүргізіп отырған әділестіз саясаты еді. Міне, сондықтан М. Шоқай кеңестік билікті сынға алуышы мәнісі олардың әккі саясатын қарапайым халық түсінсе, көн жетсе деген тілекten туындаса керек.

Жалпы Мұстафа Шоқайдың еңбектерін оқи отырып мынадай тұжырым жасауға болады: біріншіден, М.Шоқай патша үкіметі тұсындағы да, қазақ халқына, жалпы түркі халықтарына жасаған идеологиялық қысымның мәнісін жаңа жақты саралап берді, екіншіден, кеңестік жүйе патша үкіметінің идеологиясын жалғастыруши билік екендігін дәйектеді, үшіншіден, қазақ елінің тәуелсіз ел болуы үшін барлық елдермен терезесі тен болып, достыкты қарым-қынаста болуы керек екендігін айтЫП та, жазып та журді. Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов М. Шоқайдың 12 томдық шығармалар жинағының бірінші томындағы қайраткердің шығармашылық мұрасы жөнінде жазылған тарауда «Ұлы тұлғаларды білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес» деген бір мағыналы, мәнді сөйлем келтіре отырып, онын тарихшы және халықаралық сарапшы ретіндегі ой-түйіндерін нақтыладап береді.

М.Шоқайдың қазақ халқына есiet ретінде қалдырган пайымдаулары, толғаулары мен тұжырымдары орындау өс келен жастардың парызы.

Жалпы «Мұстафатану» деген бұл сол кезеңдегі қазақ жүртшылығын, қазақтың өткен жолын тану деп түсінуге бо-

лады. Бұтінгі күнге жету жолында осындаидай қын да, қылса тағдырылғы азаматтың түрғандығын мойындауымыз және бағалауымыз керек.

Әдебиет:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 544 с.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Т.6. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 525 с.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Т.3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 664 с.